

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық іс жүргізуді реформалау

Бүгінде сот жүйесі өте белсенді және ілгері дамып келеді. Елімізде сот төрелігін атқару сапасын жақсарту және көтеруге бағытталған реформалар жүргізілуде. Қазақстанның сот төрелігінің даму болашағы Мемлекет басшысының бағдарламаларына байланысты.

Еліміздің судьялар қауымдастығы Елбасшымыз Н.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының шеңберінде Қазақстанның 30 дамыған елдердің қатарына кіру бойынша бес институционалды реформасын іске асыруда.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын атқару шеңберінде қылмыстық заңнаманы жетілдіру және құқықтық қолдану, ұйымдастыру-кадрлық, материалдық-техникалық және сот жүйесінің басқа да қызметтері бойынша үлкен жұмыстар атқарылды.

Қолданыста жаңа ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Қылмыстық-процестік кодексі, 5 сатылы сот жүйесінен 3 сатылы сот жүйесіне көшу және т.б. іске асты.

Сот төрелігін ілгері жетілдірудің сатысы ол қазіргі кезде жүргізіліп отырған азаматтардың қылмыстық іс жүргізуде қорғаудың сапасын жоғарылату және оның қаталдығын төмендету жөніндегі реформалар.

Жаңғыртудың жаңа қадамы қылмыстық қудалауда халықаралық стандарттарға сай болуға бағытталған.

Қылмыстық сот жүргізудің тиімділігін арттыру үшін елімізде Ведомствоаралық жұмыс тобы



құрылған, оның құрамына Жоғарғы Соттың, Бас прокуратураның, Әділет министрлігінің, құқық қорғау және арнайы органдардың өкілдері кірген.

Қылмыстық сот төрелігі индексінде Қазақстанның рейтингін жақсарту мақсатында жұмыс тобының мүшелері ФРГ, Ұлыбритания, Эстония және Грузия сияқты елдердің тәжірибелерін тиянақты зерделеген.

Жұмыс тобы «Қазақстан Республикасындағы қылмыстық процесті жетілдіру туралы» заң жобасын жасаған, оған сәйкес барлық новеллалар алты негізгі басымдылыққа жүйеленген, олар халықаралық тәжірибе мен еліміздің құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін ескеріп анықталған.

1. Азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында, қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмайтын негіздер тізімін кеңейту ұсынылды. Бірінші кезекте, бұл кәсіпкерлік қызмет саласында қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты. Алайда, ол ҰҚТ мен қылмыстық қауымдастыққа қатысты емес.

2. Бұлтартпау шарасын қолдану үшін ұсталғанды сотқа жеткізу мерзімін 48 сағатқа дейін қысқарту жоспарлануда. Конституцияда көрсетілген 72-сағаттық мерзімді тек ерекше жағдайларда қолдануға рұқсат беру (олардың тізімі заңнамада анық көрсетілуі керек). Ұстау мерзімін қысқарту көбіне адамның негізгі құқықтарын шектеу тәртібін жетілдіру қажеттілігіне және

оның үздік халықаралық тәжірибеге ұмтылуға байланысты туындайды. Бұл ұстауды қысым жасау құралы ретінде және айыптауды бекітетін дәлелдемелердің жиынтығы үшін пайдалануды азайту үшін қажет.

3. Сот бақылауы саласын әрмен қарай кеңейту, соның ішінде жасырын тергеу әрекеттерімен қоса құқықты шектеу сипатындағы процессуалдық әрекеттерді санкциялау ұсынылуда. Соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеумен ұштасатын барлық арнайы шұғыл-ізвестіру іс-шаралары заң бойынша жасырын тергеу әрекеттері санатына ауыстырылады (мысалы: жасырын тыңдау, тұрғын жайларға жедел кіру).

4. Германиядағыдай сотқа дейінгі тергеу органдарының оларға қатысты жасырын тергеу әрекеттерін өткізуі туралы тұлғаларға міндетті түрде хабарлауды қарастыратын норма ұсынылды. Оның мәні мынада, тергеудің қалай аяқталатынына қарамай, азаматқа міндетті түрде тергеу кезінде оған қатысты өткізілген жасырын іс-әрекеттер туралы хабарлайды. Олардың ішінде, мысалы, телефон әңгімелерін тыңдау.

Бұл азаматқа, қаласа, осы әрекеттердің негізділігіне шағым келтіре алуына мүмкіндік береді. Бұл құқық қорғау органдарының тергеу әрекеттерінің шегінен шығатын материалдарды жинауына мүмкіндік бермейді, және құқық қорғау органдары тергеліп жатқан оқиға бойынша оның кінәсіне дәлелдемелер таба алмай, осы тұлғаға қатысты оны жауапкершілікке тарту мақсатында басқа тәсілдермен дәлелдер іздеуін болдырмау үшін жасалады.

5. Бүгінгі күні елімізде маңызды емес қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша

өндіріс барлық сатыда күрделі істер бойынша толық қылмыстық сот өндірісі сияқты, яғни негізсіз қиындатылған және созбақталған. Осы жағдайды түзету үшін қылмыстық теріс қылықтар, ауыр емес қылмыстар бойынша, соның ішінде бұйрық өндірісін жүргізуді қоса отырып, өндірісті оңтайландыру жөніндегі шаралар жоспарлануда, яғни барынша сот өндірісін оңтайландыру, ол Европа елдерінің, нақты айтсақ Эстонияның тәжірибесі.

6. Басқа елдердің тәжірибесіне келетін болсақ, мысалы, Ұлыбритания мен АҚШ, адвокаттарға дәлелдемелерді жинақтау бойынша, соның ішінде сотқа қажетті тергеу әрекеттерін өткізу өндірісі туралы өтінішхат беруді енгізе отырып, кең көлемді құқықтар беру қарастырылуда. Соның ішінде ҚПК-де адвокаттар үшін дәлелдемелерді жинақтау бойынша қандай әрекеттер жасау (мысалы: жасырын тергеу әрекеттері), ал қандай әрекеттерге тергеу судьясының санкциясын алу керектігі көрсетіледі. Әңгіме мына әрекеттер туралы, яғни дәлелдемелерді жинақтау азаматтардың жеке өміріне баса-көктеп кіру және олардың конституциялық құқықтарын шектеуді болдырмау туралы болмақ.

Қылмыстық процесті әрмен қарай реформалау және сот төрелігін жетілдіру қылмыстық сот өндірісінде жариялық пен құқық қорғау механизмін күшейтуге жол береді. Осының нәтижесінде Қазақстанда қылмыстық процестің өзіндік ерекше қазақстандық моделі қалыптасады, олар жоғары құқық қорғау стандарттарына негізделеді.

Асламбек МЕРҒАЛИЕВ,
Қостанай облыстық
сотының төрағасы

Мұхтар Әуезов тартқан домбыра – Академия мұражайында

2017 жылғы 20 қыркүйек күні Қостанай облыстық Толстой атындағы кітапхананың әмбебап оқу залында жазушы, қоғам қайраткері, көсемсөз шебері Қазақстан ҒА академигі, профессор Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың туғанына 120 жыл толуына арналған «Әлем таныған Әуезов» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Аталмыш іс-шараның құрметті қонақтары жергілікті ақын С.Оспанов пен А.Шахмет Ұлы жазушы, ғұлама ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімелеп, тарихтан сыр шертті.

Сондай-ақ жазушының шығармашылық кешіне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы полиция полковнигі Б.Құрманғалиева қатысып, М.Әуезовтың тапсырысы бойынша арнайы жасалған ұлттық аспабымыз домбыра туралы айтып берді.

Бұл қасиетті домбыра Мұхтар атамның өз тапсырысы бойынша жасалған құнды домбыра. Бұл домбыра қазіргі таңда Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов мырзаның ізденімпаз еңбегінің арқасында Академияның мұражайында сақтаулы тұр. Бұл мұражайдағы ең құнды, әрі тарихи көне жәдігер ретінде сақтаулы. Бүгінгі



күні домбыраның қыр-сыры зерттеліп, Мұхтар Әуезовтің өз қолымен тартқан домбырасы екені дәлелденіп жатыр. Егер Мирлан Ахмедияұлы Қостанай академиясының есімі берілген Шырақбек Қабылбаев атамның зерттегенде, мына домбыра басқаның қолына түсіп, ескерусіз қалар ма еді. Міне, осылай алты алашқа аты мәшһүр Мұхтар атамның бір жәдігерінің киелі Қостанай өңірінде болу тарихы осылай, - деп ағынан жарылды Балым Хозедиясқызы Құрманғалиева.

Домбыра жайындағы әңгіме студенттердің зерттеу жұмыстарына деген ерекше, кәсіби қызығушылығын оятып, болашақта өте жоғары белсенділік танытуға және кітапханаға жаңа оқырмандардың келуіне ықпал етті. Осы домбырамен Академияның 3-курс курсанты полиция қатарындағы Бексұлтан Сүндет кешке жиналған қауымның алдында керемет күй орындап берді.

Мұхтар Әуезов туралы автордың өз дауысымен жазылған әдеби шығармашылық сипаттағы бейнефильм көрсетілді. Кеш отырысы 64 түрлі кітап пен журналдар қойылған кітап көрмесімен безендірілді.

Осылайша, ұйымдастырылған іс-шара халқымыздың ұлттық мәдениеті мен әдебиетіне үніліп, жарқын болашағымыздың іргетасын қалайтын жалынды жастарға күмбірлеген күй мен құндылығы зор мәдени тарихымызды тану арқылы ерекше әсер қалдырды.

Академияның баспасөз қызметі
Суретті түсірген С. Камалов

Облыс прокуроры кәсіпкерлермен кездесті

Дүйсенбіде Қостанай облысының прокуроры Тимур Кайырбекұлы Сүлейменов Бас прокуратура мен «Атамекен» ҰКП арасындағы бұрын қол қойылған меморандум аясында облыстың бизнес-одақтары өкілдерімен кездесті.

Кездесуге бизнестің әр алуан бағыты: ауылшаруашылық, құрылыс, сату, тау-кен өндіру кәсіпорындары өкілдері қатысты.

Кездесу ресми емес сипатта болды. Тимур Кайырбекұлы облыстық қадағалау ведомствосының жаңа басшысы ретінде сабақтастықты сақтап, жергілікті Палатамен бизнесті аса толқандыратын мәселелерді шешетінін ерекше атап өтті.

Оның бірінші орынбасары М.Б. Абишев өз кезегінде билігі жылы бизнеске әкімшілік кедергілерді жеңу үшін қандай көмек көрсетілгендігі туралы айтты. Көпжұмыскәсіпкерлер шағымданбай тұрып, прокурорлардың бастамасымен жасалып жатқандығын атап өтті. Мәселен, ағымдағы жылы Мемлекеттік кірістер департаментінің қаулыларына мониторинг жасалды. Бизнесмендерге салық қызметі қызметкерлерінің сұратуына уақытында жауап бермегендері үшін айыппұл салынған 9 әкімшілік іс табылды. Тексерушілер 5-7 күндік мерзімдер белгілеген, ал Салық кодексімен 30 жұмыс күні берілген. Біздің қарсылықтарымыз бойынша, сотпен бұл қаулылардың күші жойылды.

Пікір алмасқан соң, прокурорлар мен кәсіпкерлер бірігіп шеше алатын мәселелер тізімін анықтады. Жұмыс Бас прокуратура мен «Атамекен» ҰКП арасында 2 қыркүйек күні жасалған Келісім аясында жүргізілетін болады. Онда өзара іс-қимыл алгоритмі нақты жазылған.

Сонымен қатар, Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің облыстық басқармасы «Qatqoғ» мобильді қосымшасын көпшілікке ұсынды, ол бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауға бағытталған.

Бұдан былай мұндай кездесулерді ортаға салатын үшін мәселелер туындаған сайын өткізіп тұру керектігі келісілді.

Қостанай облысының прокуратурасы

